

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауда жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеудің ерекшеліктері

С. Т. Булабаева^{*1}, Б.Е. Кеңес²

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

²Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Астана қ., Қазақстан Республикасы

*sultan2012s@mail.ru



Аңдатпа. Мақалада мұғалімдердің ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен жұмыс жасау барысында білім беру бағдарламасын бейімдеудің ерекшеліктері мен қиындықтарын анықтау үшін зерттеу жүргізілді. Зерттеу мақсатын жүзеге асыру үшін Қазақстанның барлық аймағындағы, оның ішінде ауылдық және қалалық мектептердің мұғалімдеріне сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға жалпы орта мектепте жұмыс жасайтын 16355 мұғалім қатысты. Зерттеу онлайн түрде Google Forms платформасы арқылы жүргізілді. Зерттеуге қатысушылардың ішінде ең көп қатысқан аймақ – Түркістан облысы (2086 респондент). Зерттеу жұмысы аясында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен жұмыс жасауда ең жоғары дайындық деңгейі (63,4%) еңбек өтілі 1 жылға жетпеген жас мұғалімдер арасында екені байқалды. Оқу бағдарламасын бейімдеу үшін қажет қолдаудың ішінде 32 % мұғалім білікті арттыру курстары қажет деген жауапқа басымдық береді. Мақаланың талқылау және нәтижелер бөлімінде зерттеу барысында анықталған нәтижелер Қазақстанда жүргізілген өзге де зерттеу қорытындыларымен салыстырылды. Зерттеуді қорытындылай келе, білім беру бағдарламаларын бейімдеуде мұғалімдердің кезігетін мынадай кедергілері анықталды: балалардың жеке ерекшеліктерін есепке алуда қиындықтарға тап болу, оқу мақсаттарын ерекше қажеттіліктері бар балалардың мүмкіндіктеріне сай бейімдеуде қиындықтарды сезіну, оқушыларды диагностикалау, оқу жетістіктерін бағалау.



Кілтті сөздер: ерекше білім беру қажеттіліктері, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын бейімдеу, оқу жетістіктерін бағалау, жетістіктер картасы, инклюзивті білім беру.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Булабаева, С. Т., Кеңес, Б.Е. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауда жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеудің ерекшеліктері [Мәтін] // «Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №2. – Б. 180–191.

Кіріспе

Бүгінгі таңда әлемдік білім беру жүйесінде қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, мәдени, тарихи өзгерістерге байланысты бірқатар жаңашылдықтар болып жатыр. Бірлесіп оқытудағы түпкі мақсат – барлық

балаларға, ересектерге олардың жынысына, жасына, этникалық тиістілігі мен қабілетіне, бойындағы даму бұзылысының бар немесе жоқтығына қарамастан қоғам өміріне белсене қатысып, өз үлесін қоса алатын қоғам құру. Д. Митчеллдің «Бұл – қоғамда әртүрліліктің құрметтеліп,

бағаланатындығы» деген тұжырымына сәйкес, инклюзивті білім беру қазіргі заманғы білім беру жүйесінің негізгі тұжырымдамасына айналып, қоғамда әлеуметтік және құндылықтық өзгерістерді жүзеге асыру қажеттілігін алға тартады [1]. Инклюзия идеясы адам құқығы, оның ар-ожданы мен жеке даралығын түсінудегі өзгерістермен байланысты болып, әлеуметтік қатынастар жүйесіне ықпал ететін, қоғамның адамгершілік секілді құндылығын бекітетін динамикалық дамушы үрдіс ретінде қарастырылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін жеке шешімдер баланың даму кезеңдеріндегі өзіндік мінез-құлық ерекшеліктеріне сәйкес ұсынылады. Бұл ерекшеліктер бақылауға, ынталандыруға және жеке қолдау шараларын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Әр баланың даралығына негізделген мұндай тәсіл оның жеке даму траекториясының әртүрлілігі мен тұлғалық бірегейлігімен тікелей байланысты. Осы негізде, жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу – баланың ішкі өмірлік ортасын қалыптастырып, ерекше қажеттіліктері бар балаларда кездесетін бірқатар мәселелерді шешуге бағытталған маңызды қадам ретінде, білім беру ортасының икемділігі мен бейімделгіштігі инклюзивті оқытудың тиімділігін арттыруға септігін тигізеді деп көрсеткен [2].

Өз зерттеулерінде инклюзивті білім беру ортасының негізгі қатысушылары арасындағы өзара қатынас жүйесі қарастырып, «педагог–психолог–педагогтің көмекшісі» үштігінің маңызды рөлін айқындалған. Педагогтің көмекшісінің психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету командасының құрамындағы орны, оның жеке даму бағдарламасын әзірлеу мен іске асыруға, оқу процесін әр бала қажеттілігін ескеріп құру мен дербестендіруге қатысуын нақты сипаттай алған [3]. Яғни, инклюзивті білім беру жағдайында ата-аналармен тиімді ынтымақтастық орнатудағы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың әлеуметтік бейімделуі мен ортаға сәтті кірігуіне жәрдемдесудегі педагог көмекшісінің маңызы көрсеткен, ол бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын құрудың және іске асырудың тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады.

Инклюзивті білім беруді тиімді жүзеге асырудың басты басымдықтарының бірі – маман даярлығы. Оның негізінде болашақ педагогтерді кәсіби деңгейде сапалы даярлау үдерісіне аса мән берілу керегі алға тартылады. Инклюзивті білім беру ортасын қолжетімді, сапалы ұйымдастыруда педагогтердің бойында маңызды құзыреттіліктерге басты назар бөліну керектігін айтқан, қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу дағдылары, психоәлеуметтік икемділіктер және кәсіби мансапты басқару қабілеттері [4]. Зерттеушілер атап көрсеткендей, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауда жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеуде аталған әдістемелік құзыреттіліктердің маңызы зор, өйткені педагогтың тұлғалық сапасы мен кәсіби негізде игерілген құзыреттіліктері елеулі орынға ие екенін көрсетеді.

Лондон қаласындағы «Спасите детей» қоры: «Барлық білім алушылар әртүрлі екенін қабылдап, әр білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеру үшін жалпы білім беру ұйымдары мен жалпы білім беру жүйесін бейімдеу қажеттілігі бар екенін, инклюзивтілік барлығын бірдей етуге емес, барлығына қолайлы орта құруға ұмтылатынын... Инклюзивтілік бұл тек білім беру ғана емес, ол жалпы қоғам өзгерісін қажет ететінін ...» – , атап оның негізгі компоненті ретінде мұғалімдерге оқыту процесінің икемділігін қолдау үшін арнайы дағдылар қажет екендігін алға тартады [5].

Елімізде инклюзивті білім беру моделін қайта қарау, инклюзивті саясат, инклюзивті мәдениет пен инклюзивті практиканы сапалы дамыту арқылы іске асуда. Соңғы жылдары инклюзивті білім беру саясатының өзгерісінде үлкен қадамдар жасалып жатқандығын, нормативті – құқықтық құжаттарды терең зерделеу арқылы көре аламыз [6]; [7]; [8]; [9].

Заманауи білім беру үдерісінде ерекше білім беру қажеттіліктерін ескеру үшін білім беру бағдарламаларын бейімдеу – білім алушыларға қолайлы орта құру мен қажеттіліктерін есепке алудағы өзекті бағыттардың бірі. Білім беру бағдарламаларын бейімдеудің негізгі стратегиялары, баланың ерекше қажеттіліктерін түсінуге

және бағалау нәтижелерін қолдануға негізделуі қажет. Осы негізде олардың оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға болады. Сонымен қатар бейімделген білім беру бағдарламаларын өңдеу және құрастыру үдерісінде психологиялық және педагогикалық тетіктерді ескеру қажет. Ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес білім беру бағдарламаларының тиімді бейімделуі инновациялық технологияларды ендірумен, озық икемді модельдерді пайдаланумен тікелей байланысты, олар білім алушылардың ерекше білім қажеттілігіне сәйкес қолайлы бола алады деп көрсеткен [10], [11]. Яғни, бұл зерттеу жүргізген авторлар білім алушылардың ерекше білім қажеттілігін бағалау критерийлеріне баса назар аударуды айтқан, өйткені ол ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың жетістіктерін жүйелі түрде есепке алуға, сапалы бағалауға мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламаларын бейімдеу үнемі ерекше білім қажеттіліктерін бағалау үдерісіне негізделуі қажет, сондай ақ инклюзивті білім беру ұстанымдарына сәйкес құрылып, туындайтын кедергілерді жою және барлық білім алушылар үшін қолайлы орта құру мәселелерінің шешімін табуға бағытталуы қажет деп ойлаймыз.

Осы негізде зерттеушілердің пайымдауынша, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды демеу үшін қосымша құралдарды дамыту қажеттілігі бар. Ондай құралдарға білім беру сапасын жақсарту үшін кері байланыс пен мониторинг жүйесін ұйымдастыру жатады [12]. Білім беру бағдарламаларын бейімдеу стратегияларына арнайы қалыптастырылған оқу материалдарын қосу, ол білім алушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін түсіну үшін тікелей әсер етеді [13]. Бейімделген білім беру бағдарламаларын өз білім беру ұйымдарына өңдеп, құрастырып ендірген оқытушылардың тәжірибесі ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың әлеуметтік бейімделу деңгейі мен үлгерімін, бағалау тиімділігін арттыратынын айқын көрсетеді [14]. Біздің ойымызша, бұл айтылғандар білім беру бағдарламаларын бейімдеу ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды сапалы және тиімді бағалауды ұйымдастыруға тікелей

әсері бар екенінің дәлелі. Яғни, жалпы білім беру ұйымдарында барлық білім алушыларға қолжетімді және қолайлы орта құруда білім беру бағдарламаларын бейімдеудің тетіктерін жолға қою, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың ерекшеліктерін ескерудің маңызы зор. Білім беру бағдарламаларын бейімдеу мен ерекше білім беру қажеттіліктерді бағалаудағы кешенді тәсілдеме білім алушыларға қолжетімді сапалы білім мен инклюзивті ортаны құруға мүмкіндік береді.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты – ерекше білім беруді қажет ететін балалармен инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын педагогтердің жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ерекшелігі мен қиындықтарын анықтау. Бұл мәселе бойынша ғылыми-теориялық ақпараттарды зерттеу барысы оның кешенді мәселе екендігін айқын көрсетті.

Зерттеу мақсатын іске асыруда келесідей зерттеу мәселелері өз шешімін табады: білім беру бағдарламаларын бейімдеудің теориялық негіздерін, ұстанымдарын анықтау; инклюзивті білім беру жағдайында қызмет етуші педагог мамандардың білім беру бағдарламаларын бейімдеуде кездесетін қиындықтарын көрсету; сынып жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеріп білім беру бағдарламаларын бейімдеу ерекшеліктерін көрсету.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында білім беру бағдарламасын бейімдеуге даярлық деңгейін анықтау үшін авторлық сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға жалпы орта мектепте жұмыс жасайтын 16355 мұғалім қатысты. Оның ішіне, 20 өңір кірді, жалпы респонденттер саны өңірлер жіктемесіне сай келесідей негізде берілген (Астана – 38, Алматы – 896, Шымкент – 69, Абай облысы – 1401, Ақмола облысы – 972, Ақтөбе облысы – 781, Алматы облысы – 37, Атырау облысы – 400, Батыс Қазақстан облысы – 614, Жамбыл облысы – 303, Жетісу облысы – 455, Қарағанды облысы – 733, Қостанай

облысы – 1124, Қызылорда облысы – 1871, Маңғыстау облысы – 1534, Павлодар облысы – 1254, Солтүстік Қазақстан облысы – 570, Түркістан облысы – 2086, Ұлытау облысы – 737, Шығыс Қазақстан облысы – 480). Зерттеу онлайн түрде Google Forms платформасы арқылы жүргізілді. Сауалнама барысында респонденттерге қатысты жалпы сұрақтар қойылды: бірінші кезең жалпы ақпарат жинақтаудан тұрды, ол 1-5 сұрақтарды қамтыды. Екінші кезеңі бойынша зерттеу мәселесіне қатысты қойылған сұрақтар көрініс тапты, жалпы жүргізілген сауалнамада көптеген бағыттар қамтылған, бұл зерттеу кезінде инклюзивті ортаға дайындық пен білім беру бағдарламаларды бейімдеу мүмкіндіктерін қарастыратын сұрақтар топтамасы қарастырылды, олар келесі сұрақтардан тұрды: 1.Тұрғылықты аймағыңыз; 2. Ауыл немесе қала мектептері нұсқасын таңдау; 3. Жыныс; 4. Білімі; 5. Жалпы еңбек өтілі; 6. Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге педагогтердің дайындығы; 7. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған оқу бағдарламаларын бейімдеу бойынша өз білім деңгейіңізді қалай бағалайсыз; 8. Оқу бағдарламасын бейімдеуде сіз үшін не қиындық тудырады; 9. Сіз оқу бағдарламасын бейімдеу барысында қандай қолдауды қажет етесіз. Сауалнама барысында алынған нәтижелер сапалық және сандық тұрғыдан өңделіп, негізгі тенденциялар мен басым бағыттар анықталды. Респонденттердің жауаптарына пайыздық көрсеткіштер мен жиілік нәтижелері бойынша сипаттамалы талдау жасалды. Сандық деректер Microsoft Excel және SPSS бағдарламалары арқылы өңделді. Алынған мәліметтер пайыздық көрсеткіштер, кестелер мен диаграммалар арқылы көрнекі түрде ұсынылды. Сауалнама сұрақтарына берілген жауаптар мазмұндық талдау әдісі арқылы жүйеленіп, негізгі өзекті мәселелер қарастырылды. Нәтижелер инклюзивті білім беру процесінде туындайтын өзекті мәселелерді, инклюзивті ортаның қолжетімділігін қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларын бейімдеуде туын-

дайтын қиындықтарды, мүмкіндіктерін жоспарлауға негіз болды.


Нәтижелер

Жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ерекшелігінің сипатын анықтау мақсатында жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне сауалнама жүргізіліп, зерттеу нәтижелеріне келетін болсақ, респонденттердің басым бөлігінде жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеуде қиындықтары болатындығы анықталып, ол қиындықтардың сипаты келесі пайыздық көрсеткішті көрсетті.

Инклюзивті білім беруді тиімді жүзеге асыруда оқу бағдарламаларын бейімдеу – ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істейтін педагогтер үшін маңызды және күрделі міндеттердің бірі.

Респонденттердің ең аз саны: 37 (Алматы облысы). Респонденттердің ең көп саны: 2086 (Түркістан облысы). Бұл деректер респонденттердің Қазақстанның аймақтары бойынша біркелкі бөлінбегенін көрсетеді. Респонденттердің басым бөлігі Түркістан облысы, Қызылорда облысы және Маңғыстау облысы сияқты бірнеше ірі аймақтарда шоғырланған. Сонымен қатар Алматы облысы мен Алматы қаласы сияқты кейбір өңірлерде респонденттердің саны өте аз. Бұл зерттеуде зерттеуге қатысқан педагогтердің біркелкі бөлінбегенін немесе сауалнама нәтижелеріне әсер етуі мүмкін халықтың экономикалық белсенділігі және басқа аймақтық сипаттамаларындағы айырмашылықтарын көрсетуі мүмкін.

Мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнамадағы үшінші сұрағына сәйкес, қатысушылардың педагогикалық еңбек өтілі анықталды: 1 жылдан аз – 705 қатысушы (4,3 %), 1-5 жыл – 2418 қатысушы, 6-15 жыл – 4870 қатысушы, 16-25 жыл аралығында – 3780 қатысушы, 26 жылдан жоғары – 4582 қатысушы (1-сурет).



1-сурет. Сауалнамаға қатысушылардың педагогикалық еңбек өтілінің көрсеткіші

Сауалнамаға қатысушылардың айтарлықтай бөлігі – 63,2%-ы ауылдық мектептерде (10342 мұғалім) жұмыс істейтінін көрсетеді. Қалалық мектептерде жұмыс жасайтын 6013 мұғалім сауалнамаға қатысқан. Бұл бірнеше факторға байланысты болуы мүмкін.

Ауылдық мектептерден қатысушылардың көп болуының себебі, зерттеліп отырған аймақта немесе іріктемеде ауылдық мектептер қалалық мектептерге қарағанда көбірек болуы ықтимал. Бұл ауылдық мекемелерде жұмыс істейтін респонденттердің жоғары үлесінің көп болуын түсіндіреді. Сонымен қатар ауылдық мектептерден қатысқан респонденттер сауалнамаға жауап беруде белсендірек болған болуы ықтимал.

Мәліметтер респонденттердің ауылдық мектептерде жұмыс істеуінің жоғары үлесін көрсеткенімен, жағдайды толық түсіну үшін контекст пен қосымша факторларды ескеру қажет.

Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге педагогтердің дайындығын анықтауға арналған сауалнамада мұғалімдердің ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың жеке оқу жоспары мен жеке білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысуға дайындығы туралы сұрақ та қамтыл-

ды (1-кесте). Бұл сұрақ әрбір баланың нақты қажеттіліктеріне бейімделген оқу жоспарларын әзірлеуге мұғалімдердің қаншалықты дайын және сенімді екенін түсіну үшін маңызды.

1-кестедегі деректерге сәйкес, ерекше білім беру қажет ететін балаларға арналған жеке жоспарлар мен бағдарламаларды әзірлеуге қатысуға дайын екенін білдірген респонденттердің ең үлкен үлесі еңбек өтілі 1 жылға жетпеген жас мұғалімдер арасында байқалады (63,4%). Бұл барлық еңбек өтілі санаттары арасындағы ең жоғары көрсеткіш болып табылады және жаңадан бастаған педагогтердің жоғары мотивациясы мен ынтасын көрсетеді. Олардың инклюзивті білім беруге деген жоғары дайындығы олар алған заманауи педагогикалық бағдарламалармен де байланысты болуы мүмкін.

Бұдан әрі педагогтердің еңбек өтілі артқан сайын бұл көрсеткіштің төмендеуі байқалады. Бұл кәсіптік күйзеліс немесе жаңа әдістемелерге қарсы тұрумен байланысты болуы мүмкін. Ең төменгі көрсеткіш педагогикалық тәжірибесі 26 жылдан асқан мұғалімдер арасында тіркелді. Олардың 50%-тен төмендеуі ерекше білім беруді қажет ететін баланың оқу жоспары мен бағдарламасын икемдеуге дайын екендерін көрсеткен. Сондай-ақ дәл осы

топта жауап беруге қиналғандардың үлесі ең жоғары (32,8%) болып отыр. Бұл олардың ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге қажетті білім мен құзыреттерінің жеткіліксіз екенін және


өз мүмкіндіктеріне сенімсіздігін білдіруі мүмкін. Бұл нәтижелер инклюзивті білім беруді тиімді енгізу үшін мұғалімдерді қолдау мен оқытуды мақсатты түрде жүзеге асыру қажеттігін көрсетеді.

1-кесте. Ерекше білім беруді қажет ететін баланың жеке оқу жоспары мен жеке білім беру бағдарламасын әзірлеуге педагогтердің қатысуға дайындығының деңгейі

Педагогикалық еңбек өтілі	Иә	Жоқ	Жауап беруге қиналамын
1 жылдан аз	63,4 %	12,6 %	24,0 %
1-5 жыл	57,5 %	16,6 %	25,8 %
6-15 жыл	51,8 %	20,1 %	28,1 %
16-25 жыл	48,1 %	21,6 %	30,2 %
26 жылдан астам	45,6 %	21,6 %	32,8 %

Қатысушыларға өздерінің ерекше білім беруді қажет ететін білім алушымен жұмыс жасауда дайындығын бағалау мақсатында «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған оқу бағдарламаларын бейімдеу бойынша өз білім деңгейіңізді қалай бағалайсыз?» сұрағы қойылды. Нәтижесінде 3312 респондент (20,3%) өз білімдерін жоғары деп бағалаған. Бұл шамамен әр бесінші мұғалім осы тақырып бойынша өз білімдеріне сенімді екенін көрсетеді.

11 465 респондент (70,1%) өз білімдерін орта деңгейде деп бағалаған. Мұғалімдердің көпшілігі – 70%-дан астамы өз білімдерін орташа деңгейде деп санайды, бұл қосымша оқыту мен кәсіби дамуға деген қажеттілікті көрсетуі мүмкін. Ал 1578 респондент (9,6%) өз білімдерін төмен деп бағалаған. Бұл мұғалімдердің шамамен 10%-ы ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тиімді оқыту үшін білімдерінің жеткіліксіз екенін мойындайтынын білдіреді (2-сурет).



2-сурет. Мұғалімдердің ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған оқу бағдарламаларын бейімдеу бойынша өз білім деңгейін бағалауы

Сауалнаманың 2-бөлімінде «Оқу бағдарламасын бейімдеуде сіз үшін не қиындық тудырады?» сұрағы берілген болатын. Сұрақ нәтижелері педагогтердің оқу үдерісін бейімдеу кезінде жиі кездесетін нақты кедергілерін айқындауға мүмкіндік берді (3-сурет). Респонденттердің 28%-ы оқу бағдарламасын бейімдеуде әр топтағы балалардың жеке ерекшеліктерін есепке алуда қиындықтарға тап болатынын атап өтті. Бұл көрсеткіш педагогтердің көпшілігі инклюзивті ортада дараландырылған тәсілдерді тиімді қолдану үшін жеткілікті әдістемелік құралдар мен дайындыққа ие емес екенін аңғартады. 26%-ы оқу мақсаттарын ерекше қажеттіліктері бар балалардың мүмкіндіктеріне сай бейімдеуде қиындық сезінетінін білдірген. Бұл педагогикалық тәжірибеде бағдарламаның мақсаттарын икемді жоспарлау мен бейімдеу дағдыларын жетілдіру

қажеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар 23%-ы оқушыларды диагностикалау, яғни жетістіктер картасын құру және дамуының өзекті аймағын анықтау барысында қиындықтарға ұшырайтынын көрсеткен. Бұл олардың психологиялық-педагогикалық бағалау құралдарын пайдаланудағы дайындығы мен тәжірибесінің жеткіліксіздігін білдіреді. Сол сияқты 23%-ы оқу жетістіктерін бағалау бойынша да қиындық көретінін мәлімдеген. Бұл инклюзивті білім беру жағдайында оқу жетістіктерін бағалаудың нақты өлшемдері мен әдістемелерінің педагогтер үшін қолжетімді әрі түсінікті еместігін көрсетеді. Жалпы, алынған мәліметтер инклюзивті білім берудің тиімділігін қамтамасыз ету үшін педагогтерге оқу бағдарламасын бейімдеу, диагностикалау, мақсат қою және бағалау салаларында кәсіби қолдау мен арнайы даярлық қажет екенін көрсетеді.




3-сурет. Педагогтердің оқу үдерісін бейімдеу кезінде жиі кездесетін нақты кедергілері

Зерттеу барысында «Сіз оқу бағдарламасын бейімдеу барысында қандай қолдауды қажет етесіз?» сұрағы қойылды. Әдістемелік нұсқаулықтар жауабын таңдаған респонденттер саны – 30%, біліктілікті арттыру курстары – 32 %, арнайы мамандармен (дефектолог, логопед, психолог)

кеңесу – 20%, дайын бейімделген оқу жоспарлары – 18% құрады. Сауалнама нәтижелері педагогтердің кәсіби қиындықтары мен оларды шешуге бағытталған оқыту курстарын, әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеу қажеттілігін негіздейді (4-сурет).

Оқу бағдарламасын бейімдеу барысында мұғалімдер қажет ететін қолдау



4-сурет. Оқу бағдарламасын бейімдеу барысында мұғалімдер қажет ететін қолдау

Талқылау

Зерттеу нәтижелері инклюзивті білім беруге қатысты педагогтердің кәсіби дайындығы әртүрлі деңгейде екенін көрсетті. Мұғалімдер өз білімдерін жоғары деп бағалаған, бұл мұғалімдердің шамамен бестен бірі ерекше білім беру саласындағы теориялық және практикалық дайындықтарына сенімді екенін көрсетеді. Аталған көрсеткіш бұл салада кәсіби құзыреттілігі жеткілікті педагогтер тобы қалыптасқанын білдіргенімен, олардың саны әлі де аз екенін көреміз. Мұғалімдердің басым бөлігі өз білімдері мен дағдыларының жеткілікті екенін айта отырып, дегенмен де қосымша қолдауға, кәсіби негізде дамуды қамтамасыз ететін, тәжірибеге бағытталған біліктілік арттыру курстарына сұраныс бар екенін көрсетеді. Бұл көрсеткіш білім беру жүйесінде мұғалімдердің инклюзивті тәжірибесін нығайту үшін үздіксіз кәсіби даму бағдарламаларын енгізудің өзектілігін дәлелдейді. Аталған нәтижелер жалпы білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру деңгейінің бірегей еместігін көрсетеді. Бұл білім беру ұйымдары мен әкімшіліктері үшін мұғалімдерді қолдау жүйесін жетілдіру, арнайы курстар ұйымдастыру, практикалық тренингтер өткізу және инклюзивті тәжіри-

белерді тарату жолымен педагогтердің біліктілігін арттырудың маңыздылығын дәлелдейді.

2021 жылы жүргізілген зерттеу деректері (Инклюзивті білім беру орталығы, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы) мектеп директорларына қойылған келесі сұрақты қамтыды: «ЕБҚ бар білім алушылардың жеке қажеттіліктері ескеріле отырып, оқу бағдарламалары бейімделе ме? Жеке оқу жоспары әзірлене ме? Бұл процеске кімдер қатысады?». Зерттеу нәтижелері респонденттердің 97%-дан астамы оқу бағдарламаларының бейімделетінін және жеке оқу жоспарларының әкімшілік, пән мұғалімдері, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, педагог-логопед және басқа да мамандардың қатысуымен әзірленетінін көрсеткен. Алайда бейімделген оқу бағдарламалары мен жеке оқу жоспарларының бар екендігін респонденттер растағанымен, сұхбат материалдары бұл бағытта бірқатар қиындықтардың бар екенін де аңғартады. Атап айтқанда, респонденттердің 50%-дан астамы жеке оқу жоспарының білім алушылардың ерекше қажеттіліктеріне сәйкестік деңгейін орташа деп бағаласа, 20%-ы бұл көрсеткішке төмен баға берген [15].

Сондай-ақ PISA–2018 халықаралық зерттеуінде қазақстандық мектеп директорларының 61%-ы педагогтердің балалар қажеттіліктерін қанағаттандырмайтынын атап өткен. Бұл көрсеткіш ЭЫДҰ елдері бойынша орташа деңгейден 2 есе, ал Беларусьпен салыстырғанда 5 есе жоғары [16]. Бұл деректер де балалардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламаларын және оқу бағдарламаларын бейімдеу бойынша педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетудің қажеттілігін растайды.

Өзге де жүргізілген зерттеулермен салыстыру барысында, біздің зерттеуіміздің басқа зерттеулерден ерекшелігі анықталды. Білім беру бағдарламаларын бейімдеуде мұғалімдердің кезігетін кедергілерінің мынадай түрлері анықталды: балалардың жеке ерекшеліктерін есепке алуда қиындықтарға тап болу, оқу мақсаттарын ерекше қажеттіліктері бар балалардың мүмкіндіктеріне сай бейімдеуде қиындықтарды сезіну, оқушыларды диагностикалау, оқу жетістіктерін бағалау.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелерін қорытындылайтын болсақ, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды бағалауда білім беру бағдарламаларын бейімдеу арнайы ұстанымдар негізінде құрылуы қажет. Оларға мыналар жатады: әр білім алушының жеке ерекшелігін ескеру, қолжетімді инклюзивті білім беру ортасын құру, педагог мамандардың біліктілігін арттыру, білім беру үдерісінің заманауи технологияларға негіздеп құру қажеттілігін қамтамасыз ету.

Білім алушының ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауда жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеудің ерекшеліктерін білу білімді, икемділікті, біріккен іс-әрекетті талап етеді. ПМПК қорытындысымен келген оқушыны мұғалімдер мен ППҚҚ мамандары диагностикалап, оның даму ерекшеліктеріне сай оқу бағдарламасын бейімдейді. Алайда оқыту әдістерін, оқу құралдарын, оқу ортасын және бағалау тәсілдерін дұрыс таңдамаса, бұл бағдарламаның тиімділігі төмен болады.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды жалпы білім беру ұйымдарының үдерісіне ендіруде мамандардың бірлескен қызметі, әр маманның жеке пікірі, инклюзивті білім беру ортасында жұмыс жасауға даярлық деңгейі ескерілуі маңызды, өйткені аталған мәселе назардан тыс қалса білім алушыларды сәтті бейімдеу тетіктері іске аспауы мүмкін.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетімен қаржыландырылған «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды үздіксіз психологиялық-педагогикалық қолдау (балабақша – мектеп – колледж)» гранттық жобасы шеңберінде жүргізілді (AP19577067, 2023-2025 жж.).

Қолданылған деректер тізімі

1. Дэвид, М. Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования (Использование научно обоснованных стратегий обучения в инклюзивном образовательном пространстве) / Главы из книги, пер. Аникоев И.С., Борисова Н.В. М., РООИ «Перспектива», 2009. – 139 с.
2. Slozanska, H. Peculiarities of preparing of children with special educational needs to school // The Scientific Issues of Ternopil Volodymyr Hnatiuk National Pedagogical University. Series: Pedagogy. – 2021. – №1. – P. 49–59. <https://doi.org/10.25128/2415-3605.21.2.7>
3. Liubarets, V., Miroshnichenko, T., Cherusheva, G., Pyzh, N., Protas, O. Control monitoring of the educational process of students with special learning needs // Linguistics and Culture Review. – 2021. – Vol. 5, Special Issue 4. – <https://doi.org/10.21744/lingcure.v5nS4.1855>
4. Balan, S. Professional development and legislation on teacher training in inclusive education // Curentul Juridic. – 2021. – Vol. 87. – P. 81–98.
5. Елисеева, И.Г., Ерсарина, А.К. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. Рекомендации. – Алматы: ННПЦ КП, 2019. – 118с.
6. Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 326 қаулысы [Электронды ресурc] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P19000000326>

7. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдесі N 343 Заңы [Электронды ресурс] // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_
8. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы N 4 бұйрығы [Электронды ресурс] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618>
9. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі N 92 бұйрығы [Электронды ресурс] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500036047>
10. Шотыбаева, Л.А., Абаева, Г.А. Оценка особых образовательных потребностей младших школьников // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки. – 2023. – №2 (81). – С. 355–368. <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.80.4.034>
11. Chernobay, E., Tashibaeva, D. Teacher Professional Development in Russia and Kazakhstan. Evidence from TALIS-2018 // Educational Studies Moscow. – 2020. – №. 4. – С. 141-164. <https://doi.org/10.17323/1814-9545-2020-4-141-164>.
12. Якимович, И., Гуторова, Г., Дайнеко, С., Украинцева, Ю., Кузнецова, М. Внедрение технологии гражданский форум в учебно-воспитательный процесс современной школы, как путь формирования гражданской компетентности обучающихся. – 2024. – №. 12 (192). – С. 209-219. <https://doi.org/10.25629/hc.2024.12.21>
13. Салаватулина, Л.Р. Богачев, А.Н. Цифровая трансформация дидактического пространства профессиональной подготовки педагогов // Вестник Челябинского государственного педагогического университета. – 2022. – № 1 (167). – С. 208-221.
14. Voznesenskaya, A., Bakholdin, A. Training specialists in the field of optical systems design on the basis of international network master's dual degree programs. Izvestiia Vysshih Uchebnyh Zavedenij Priborostroenie. – 2016. – P. 1049-1051. <https://doi.org/10.17586/0021-3454-2016-59-12-1049-1051>
15. Методические рекомендации по итогам проведения мониторинга по психолого-педагогическому сопровождению обучающихся в организациях среднего образования. – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2021. – 2136 с.
16. Национальный отчет «Достижения по чтению, математике и естествознанию: результаты исследования PISA-2018 в Казахстане». – Нур-Султан: АО «Информационно-аналитический центр», 2020. –154 с.
- in Special and Inclusive Education (Application of Evidence-Based Teaching Strategies in an Inclusive Educational Environment)] / Glavy iz knigi, per. Anikeev I.S., Borisova N.V. M., ROOI «Perspektiva», 2009. – 139 p.
2. Slozanska, H. Peculiarities of preparing of children with special educational needs to school // The Scientific Issues of Ternopil Volodymyr Hnatiuk National Pedagogical University. Series: Pedagogy. – 2021. – №1. – P. 49–59. <https://doi.org/10.25128/2415-3605.21.2.7>
3. Liubarets, V., Miroshnichenko, T., Cherusheva, G., Pyzh, N., Protas, O. Control monitoring of the educational process of students with special learning needs // Linguistics and Culture Review. – 2021. – Vol. 5, Special Issue 4. – <https://doi.org/10.21744/lingcure.v5nS4.1855>
4. Balan, S. Professional development and legislation on teacher training in inclusive education // Curentul Juridic. – 2021. – Vol. 87. – P. 81–98.
5. Eliseeva I. G., Ersarina A. K. Psikhologo-pedagogicheskoye soprovozhdeniye detey s osobymi obrazovatelnyimi potrebnostyami v obshcheobrazovatel'noy shkole: metod. Rekomendatsii. [Psychological and Pedagogical Support for Children with Special Educational Needs in General Education Schools: Methodological Recommendations]. – Almaty: NNPTs KP, 2019. – 118 p.
6. Kazakhstan Respublikasynda mügedek adamdardyn quyqqtaryn qamtamasyz etu және turmys sapasyn jaqsyrtyu jöindegi 2025 jylğa deyingi ulttyq jospardy bekıtu turaly Kazakhstan Respublikasy Ükimetiniń 2019 jylǵı 28 mamyrdaǵy № 326 qaulysy [Resolution No. 326 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated May 28, 2019, on the approval of the National Plan for Ensuring the Rights and Improving the Quality of Life of Persons with Disabilities in the Republic of Kazakhstan until 2025] [Elektrondy resurs] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000326>
7. Кемтар балаларды әлеуметтік және медитсиналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдесі N 343 Заңы [Law of the Republic of Kazakhstan No. 343 dated July 11, 2002, on Social and Medico-Pedagogical Support for Children with Disabilities] [Elektrondy resurs] // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_
8. Erekshе bilim беру qajettilikterin baǵalau qaǵıdalaryn bekıtu turaly Kazakhstan Respublikasy Bilim және ǵılym ministriniń 2022 jylǵı 12 qańtardayy № 4 buıryǵy [Order of the minister of Education and science of the Republic of Kazakhstan dated January 12, 2022 No. 4 on approval of the rules for assessing special educational needs] [Elektrondy resurs] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618>
9. Bilim беру uyymdaryndaǵy psikhologiyalyq-pedagogikalıq qoldau qyzmetiniń jumys isteu qaǵıdalaryn bekıtu turaly Kazakhstan Respublikasy Oqu-aǵartu ministriniń 2025 jylǵı 29 sauirdegi № 92 buıryǵy. Kazakhstan Respublikasynyń Ádilet ministriginde 2025 jylǵı 30 sauirde № 36047 bolyp tirkeldi [Order No. 92 of the Minister of Education

References

1. Devid, M. Effektivnye pedagogicheskie tekhnologii spetsial'nogo i inkluzivnogo obrazovaniya (Ispol'zovanie nauchno obosnovannykh strategiy obucheniya v inkluzivnom obrazovatel'nom prostranstve) [Effective Pedagogical Technologies

- of the Republic of Kazakhstan dated April 29, 2025, on the Approval of the Rules for the Operation of Psychological and Pedagogical Support Services in Educational Institutions. Registered with the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan on April 30, 2025, under No. 36047] [Elektrondy resurs] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500036047>
10. **Shotybaeva, L.A., Abaeva, G.A.** Ocenka osobyykh obrazovatel'nykh potrebnostei mladshikh shkol'nikov [Assessment of the Special Educational Needs of Primary School Students] // Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Pedagogicheskie nauki. – 2023. – №2 (81). – S. 355–368. <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.80.4.034>
 11. **Chernobay, E., Tashibaeva, D.** Teacher Professional Development in Russia and Kazakhstan. Evidence from TALIS-2018 // Educational Studies Moscow. – 2020. – №4. – S. 141–164. <https://doi.org/10.17323/1814-9545-2020-4-141-164>
 12. **Yakimovich, I., Gutorova, G., Dajneko, S., Ukrayintseva, Yu., Kuznetsova, M.** Vnedrenie tekhnologii grazhdanskij forum v uchebno-vospitatel'nyj process sovremennoj shkoly, kak put' formirovaniya grazhdanskoj kompetentnosti obuchayushchikhsya [Implementation of the civil forum technology in the educational process of a modern school as a way of developing the civic competence of students]. – 2024. – №12 (192). – S. 209–219. <https://doi.org/10.25629/hc.2024.12.21>
 13. **Salavatulina, L.R., Bogachev, A.N.** Tsifrovaya transformatsiya didakticheskogo prostranstva professional'noj podgotovki pedagogov [Digital transformation of the didactic space for professional training of teachers] // Vestnik Chelyabinskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta. – 2022. – №1 (167). – S. 208–221.
 14. **Voznesenskaya, A., Bakholdin, A.** Training specialists in the field of optical systems design on the basis of international network master's dual degree programs. Izvestiä Vysših Učebnyh Zavedenij Priborostroenie. – 2016. – P. 1049–1051. <https://doi.org/10.17586/0021-3454-2016-59-12-1049-1051>
 15. Metodicheskie rekomendatsii po itogam provedeniya monitoringa po psikhologo-pedagogicheskomu soprovozhdeniyu obuchayushchikhsya v organizatsiyakh srednego obrazovaniya [Methodological recommendations based on the results of monitoring the psychological and pedagogical support of students in secondary education organizations]. – Nur-Sultan: NAO imeni I. Altynsarina, 2021. – 2136 s.
 16. Natsional'nyy otchet «Dostizheniya po chteniyu, matematike i yestestvoznaniyu: rezul'taty issledovaniya PISA-2018 v Kazakhstane» [National report «Achievements in reading, mathematics and science: results of the PISA-2018 study in Kazakhstan»]. – Nur-Sultan: AO «Informatsionno-analiticheskiiy tsentr», 2020. – 154 s.

Особенности адаптации общеобразовательной программы при оценке особых образовательных потребностей

С.Т. Булабаева*¹, Б.Е. Кенес²

¹Казахский национальный женский педагогический университет
г. Алматы, Республика Казахстан

²Национальная академия образования им. И. Алтынсарина
г. Астана, Казахстан



Аннотация. В статье представлено исследование, направленное на выявление особенностей и трудностей адаптации образовательных программ учителями при работе с обучающимися с особыми образовательными потребностями. Для реализации цели исследования был проведён опрос среди учителей городских и сельских школ всех регионов Казахстана. В опросе приняли участие 16 355 учителей общеобразовательных школ. Исследование проводилось онлайн с использованием платформы Google Forms. Наибольшее число респондентов было зафиксировано в Туркестанской области (2086 человек). В ходе исследования было установлено, что наивысший уровень готовности к работе с обучающимися с ООП (63,4%) наблюдается среди молодых учителей со стажем менее одного года. В числе необходимых форм поддержки для адаптации программ 32% учителей отметили потребность в курсах повышения квалификации. В разделе «Обсуждение и результаты» статьи полученные данные были сопоставлены с результатами других исследований, проведённых в Казахстане. В заключении были выявлены основные трудности, с которыми сталкиваются учителя при адаптации программ: учет индивидуальных особенностей детей, адаптация целей обучения в соответствии

с возможностями обучающихся с ООП, проведение диагностики и оценивание учебных достижений.



Ключевые слова: особые образовательные потребности, адаптация общеобразовательных программ, оценка образовательных достижений, карта достижений, инклюзивное образование.

Features of the adaptation of the general education program in the assessment of special educational needs

C.T. Bulabayeva^{*1}, B.E. Kenges²

¹Kazakh National Women's Teacher Training University
Almaty, Republic of Kazakhstan

²National Academy of Education named after Y. Altynsarin
Astana, Kazakhstan



Abstract. This article presents a study aimed at identifying the specific features and challenges teachers face when adapting educational programs for students with special educational needs. To achieve the research objective, a survey was conducted among teachers from both urban and rural schools across all regions of Kazakhstan. A total of 16,355 general education school teachers participated in the online survey, which was conducted via the Google Forms platform. The highest number of responses came from the Turkistan region (2,086 respondents). The study found that the highest level of preparedness for working with students with SEN (63.4%) was observed among novice teachers with less than one year of experience. Among the types of support needed for program adaptation, 32% of teachers highlighted the importance of professional development courses. In the discussion and results section, the findings were compared with those of other studies conducted in Kazakhstan. The study concluded by identifying key challenges teachers face in adapting educational programs, including difficulties in addressing individual student needs, aligning learning objectives with the abilities of students with SEN, performing diagnostics, and assessing academic progress.



Keywords: special educational needs, adaptation of general education programs, assessment of educational achievements, achievement map, inclusive education.

Материал баспаға 24.01.2025 келіп түсті